

2020 жылдарға арналған Қарулы Күштер
Қызметкерлерінің кәсіподағы мен Қазақстан
Республикасының Қорғаныс министрлігі арасында
салалық тарифтік келісіміне
2 қосымшасы

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдер мен мекемелерінің азаматтық қызметшілеріне, қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне, сондай-ақ Қорғаныс министрлігінің және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының құрылымдық бөлімшелеріндегі әскери қызметшілерінің лауазымдарына уақытша тағайындалған қызметкерлерге сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және ынталандыру үстемеақыларын бекіту тәртібі туралы ережелері

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдер мен мекемелерінің азаматтық персоналына, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне, сондай-ақ Қорғаныс министрлігінің және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының құрылымдық бөлімшелеріндегі әскери қызметшілерінің лауазымдарына уақытша тағайындалған қызметкерлерге (әрі қарай - қызметкерлерге) сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына ынталандыру үстемеақыларын бекіту жағдайларын, тәртібі мен мөлшерлерін белгілейді.

2. Сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және ынталандыру үстемеақыларын төлеу сәйкесінше мемлекеттік мекемені ұсауға арналған қаражаттандыру жоспары бойынша бөлінген қаражатты үнемдеу есебінен, оның кредиторлық қарызының жоқ болғаны немесе қазыналық мекеме үшін мемлекеттік басқару органымен бекітілген дамыту жоспары бойынша кредиторлық қарызының жоқ болғаны жағдайында төленеді.

2-бөлім. Сыйлықақы беру шарттары

3. Сыйлықақы беру қызметшілерді ынталандыру мақсатында және лауазымдық (функционалдық) міндеттері мен лауазымдық инструкцияларын сапалы орындағаны үшін, сонымен бірге тапсырмалар мен нұсқауларды уақтылы және сапалы орындауда материалдық қызығушылық тудыру мақсатында жүргізіледі.

4. Қызметкерлерге сыйлықақы мынадай шарттар орындалған кезде төленеді:

1) белгілі кезеңде (тоқсан, жыл үшін) жұмыстың нәтижелерін қарау қорытындылары бойынша;

2) қолбасшылықтың арнайы міндеттерін орындағаны үшін;

3) лауазымдық (функционалдық) міндеттері мен лауазымдық нұсқауларын үлгілі орындағаны, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны үшін;

4) еңбек тәртібін сақтағаны үшін;

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимылдар жоспарымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстары жоспарымен көзделген іс-шараларды, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің немесе Премьер-Министрінің актілері мен тапсырмаларын уақтылы және сапалы орындағаны үшін;

6) мерейтой күндеріне (егер 50, 55, 60 және одан үлкен жасқа толса) бір лауазымдық жалақы мөлшерінде;

7) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсанындағы «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» заңына сәйкес, мереке күндері, бюджеттік қаражатты үнемдеу есебінен проценттік және лауазымдық жалақылардың ара қатынасы есебінде және нақты ақшалай көрсеткіш ретінде;

8) олар қабылданғаннан немесе бекітілгеннен кейін заң жобаларын, келісімдерді, шарттарды, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлегені үшін;

9) осы орган (республикалық мемлекеттік мекеме, қазыналық кәсіпорын) туралы ережеге сәйкес Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне (республикалық мемлекеттік мекеме, қазыналық кәсіпорын) жүктелген функциялар мен міндеттерді үлгілі орындағаны үшін.

5. Сыйлықақы берілмейді:

1) алынбаған тәртіптік жазасы болған кезде;

2) оқиға күнінен санағанда тиісті мекемеде (республикалық мемлекеттік мекемеде, қазыналық кәсіпорында) бір айдан аз жұмыс істегенде;

3) сынақ мерзімін өту кезінде;

4) қызметкерді теріс себептер бойынша жұмыстан босатқан кезде;

5) қызметкерге еңбекақысы сақталмай, бала күтімі бойынша олар үш жасқа келгенге дейін демалыста болған уақытта.

3-бөлім. Материалдық көмек көрсету шарттары

6. Қызметкерге материалдық көмек көрсету оның ауыр материалдық жағдайына байланысты мынадай:

1) оның отбасы мүшелерінің, жақын туған-туыстарының (зайыбының, ата-анасының, балаларының, асыраушыларының, асырап алынғандарының, толық туысты және толық туыс емес ағалары мен әпкелерінің, аталарының, әжелерінің, немерелерінің) немесе құда-жекжаттарының (ерлі-зайыптылардың ата-анасының, аға-інісінің, әпке-сіңлісінің, балаларының)

қайтыс болған жағдайда жеті базалық лауазымдық жалақыдан артық емес мөлшерде;

2) қосымша қаржылық шығындарды талап ететін (санаторлықтан басқа, күнтізбелік 10 күннен артық стационарлық немесе амбулаторлық емдеу), емдеу мекемесінен тиісті құжаттары болған кезде (операцияға төлем шот, дәрілік препараттарды алуға шығыстар және тағы басқалар) алты базалық лауазымдық жалақыдан артық емес мөлшерде;

3) оған қатысты құқыққа қарсы іс-қимылдар жасалуы (тонау, ұрлық және т.б.), сондай-ақ, дүлей зілзала апаттары (өрт, су тасқыны, жер сілкінісі және т.б.) салдарынан қызметкерге мүліктік зиян келтіру кезінде бес базалық лауазымдық жалақыдан артық емес мөлшерде;

4) некеге тұрған кезде төрт базалық лауазымдық жалақыдан артық емес мөлшерде;

5) бала туылған, бала асырап алған кезде төрт базалық лауазымдық жалақыдан артық емес мөлшерде;

б) қызметкердің зейнеткерлікке шығуы кезінде бір лауазымдық жалақыдан артық емес мөлшерде;

7) сауықтыруға арналған жәрдемақы төлеу қолданыстағы заңнамамен көзделмеген қызметкерлерге кезекті еңбек демалысына кеткен кезде – бір лауазымдық жалақы мөлшерінде.

Материалдық көмек оның өтініші негізінде көрсетіледі. Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) оның отбасы мүшелерінің, жақын туған-туыстарының (зайыбының, ата-анасының, балаларының, асыраушыларының, асырап алынғандарының, толық туысты және толық туыс емес ағалары мен әпкелерінің, аталарының, әжелерінің, немерелерінің) немесе құда-жекжаттарының (ерлі-зайыптылардың ата-анасының, аға-інісінің, әпке-сіңлісінің, балаларының) қайтыс болған жағдайда:

Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі көшірмесі;

оның отбасы мүшелерінің, жақын туған-туыстарының (зайыбының, ата-анасының, балаларының, асыраушыларының, асырап алынғандарының, толық туысты және толық туыс емес ағалары мен әпкелерінің, аталарының, әжелерінің, немерелерінің) немесе құда-жекжаттарының (ерлі-айыптылардың ата-анасының, аға-інісінің, әпке-сіңлісінің, балаларының) қайтыс болғанын растайтын құжаттарының көшірмелері;

қайтыс болған адаммен туыстығын растайтын құжаттардың көшірмелері;

2) қосымша қаржы шығындарын талап ететін емделу жағдайында (10 күннен астам күнтізбелік күн стационарлық немесе амбулаторлық емделу, косметологиялықтан басқа):

Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі көшірмесі;

емделуін растайтын құжаттардың көшірмелері;

дәрілік заттарды, дәрі-дәрмектерді, ақылы медициналық қызметтерді көрсетуді төлеу туралы кіріс-кассалық ордеріне фискальді чектер немесе

квитанциялар;

3) оған қатысты заңсыз іс-қимылдар (талау, тонау және басқалар) жасау салдарында мүліктік зиян келтірген жағдайда:

Қазақстан Республикасының азаматы жеке куәлігінің көшірмесі;

жәбірленуші ретінде оны тану туралы қаулының көшірмесі;

табиғат апаты (өрт, тасқын, жер сілкінісі және басқалары) салдарында мүліктік зиян келтірген жағдайда:

Қазақстан Республикасының азаматы жеке куәлігінің көшірмесі;

мүліктік зиян келтіргенін растайтын Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарынан немесе жергілікті атқарушы органдарынан құжаттардың көшірмелері;

4) неке қиған кезде:

ерлі-зайыптылардың Қазақстан Республикасының азаматы жеке куәлігінің көшірмесі;

некеге тұруы туралы куәліктің көшірмесі;

5) бала туғанда, ұлды немесе қызды асырап алған жағдайда:

Қазақстан Республикасының азаматы жеке куәлігінің көшірмесі;

баланы (балаларды) туу туралы куәліктің көшірмесі;

ұлды немесе қызды (балаларды) асырап алғанын растайтын құжаттардың көшірмелері;

6) зейнеткерлікке шыққанда:

Қазақстан Республикасының азаматы жеке куәлігінің көшірмесі;

зейнеткерлік жасқа жетуімен байланысты жұмыстан босатылу туралы бұйрықтың көшірмесі.

7) Сауықтыруға арналған жәрдемақы төлеу қолданыстағы заңнамамен көзделмеген қызметкерлерге кезекті еңбек демалысына кеткен кезде:

қызметкердің жеке куәлігінің көшірмесі;

демалысқа шығу туралы бұйрықтың көшірмесі.

7. Әр ұйымда материалдық көмек көрсету мәселелерін қарау жөнінде комиссия құрылады.

8. Ұйымның басшылары және материалдық көмек көрсету мәселелерін қарау жөніндегі комиссия мүшелері негізсіз материалдық көмек көрсеткен жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес материалды жауапты болады.

9. Материалдық көмек көрсету бойынша комиссия келесі қаржы жылында қаралуы мүмкін төртінші тоқсанда болған оқиғалардан басқа ағымдағы қаржы жылында болған оқиғаларды қарайды. Материалдық көмек көрсету туралы шешім комиссия отырысының шешімімен ресімделеді.

4-бөлім. Лауазымдық жалақыға ынталандыратын үстемеақы белгілеу жағдайлары

10. Лауазымдық жалақыға ынталандыратын үстемеақы белгіленеді:

1) ҚР ҚМ және ҚК БШ құрылымдық бөлімшелерінің, ҚР ҚК бас

басқармаларының басшылары әскери лауазымдарына уақытша тағайындалған қызметкерлерге жұмыс нәтижелері бойынша жұмыстағы жоғары кәсіби деңгейімен және құзыретімен үйлесетін, оларды практикада табысты қолданумен жеткілікті тәжірибесі (өтілі) және дағдылары үшін;

2) қиын жасақталатын жоғары сыныпты мамандар қатарынан қызметкерлерге (*IT-технологиялар, кибер қауіпсіздік саласында, талдау қызметі және т.б.*).

5-бөлім. Сыйлықақыны, материалдық көмек көрсетуді төлеу және үстемеақы белгілеу тәртібі

11. Сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және үстемеақы белгілеу мынадай шығыстар түрлері бойынша қаражатты үнемдеу есебінен жүзеге асырылады:

1) қаржыландыру жоспары бойынша жалпы үнемделген қаражат мөлшерінен 30%-дан артық емес, ал желтоқсанда жыл бойы толық мөлшерде үнемделген қаражаттан:

- ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік жол жүрулер;
- елден тыс іссапарлар мен қызметтік жол жүрулер;
- үй-жайларды жалға алуды төлеу;
- коммуналдық қызметтерді төлеу;
- байланыс қызметтерін төлеу;
- көліктік қызмет көрсетулерді төлеу;
- электр қуатына төлеу;
- жылу үшін төлем;
- техникалық персоналдың еңбегін төлеу;
- жұмыс берушілердің техникалық персонал бойынша жарналары;
- ғимараттарды, үй-жайларды, жабдықтарды және басқа да негізгі құралдарды ұстау, қызмет көрсету, ағымдағы жөндеу;
- басқа да қызмет көрсетулер;
- басқа да ағымдағы шығыстар;

2) қаржыландыру жоспары бойынша толық мөлшерде үнемделген қаражаттан:

- негізгі еңбекақы;
- өтемақы төлемдері;
- әлеуметтік салық.
- Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар;
- автокөлік құралдарының иелерін азаматтық-құқықтық жауапкершілікке міндетті сақтандыруға жарналар;
- мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерін мемлекеттік міндетті жеке сақтандыруға жарналар;
- қосымша ақшалай төлемдер.

Шығыстардың басқа да түрлері бойынша қаржыландыру жоспары бойынша сыйлықақы беруге, материалдық көмек көрсетуге және үстемеақылар белгілеуге қаражатты үнемдеуге бағыттауға жол берілмейді.

ҚР ҚМ Экономика және қаржы департаменті (бұдан әрі – Департамент) ұйымдардың өтінімдері негізінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен белгіленген тәртіпте жеке қаржыландыру жоспарларына тиісті өзгерістер енгізеді.

12. Сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақы белгілеу осы мақсаттарға тағайындалған соммалар шегінде жүргізіледі, 112 ерекшелігі бойынша – қосымша ақшалай төлемдер, 113 – жәрдемақы төлемдер (материалдық көмек), 131 – техникалық персоналдың еңбегін төлеу (сыйлықақы, материалдық көмек).

13. Сыйлықақы жүргізіледі:

1) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және Бас штабының әскери лауазымдарына уақытша тағайындалған қызметкерлерге.

2) Ұйымдар (республикалық мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындар) қызметкерлеріне мекеме басшысының бұйрықтары негізінде.

14. Сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету туралы бұйрықты шығару үшін негіз (хаттама болған жағдайда) ұсыным (баянат немесе қолдау хат) болып табылады, онда негіз, тегі, аты-жөні, атқаратын лауазымы және төлемдер мөлшері көрсетіледі.

Ұйым басшысына материалдық көмек көрсету туралы шешімі Қорғаныс министрінің бұйрығымен ресімделеді.

15. Ынталандыратын үстемеақыны белгілеу туралы бұйрықты шығару үшін негіз негізді, тегін, аты-жөнін, атқаратын лауазымын және ұсынылатын үстемеақы мөлшерін көрсетумен Қорғаныс министрінің жетекшілік ететін орынбасарының дәйекті өтініші негізінде қабылданған Қорғаныс министрінің шешімі болып табылады.

Қаржы жылының бар бюджеттік қаражатын үнемдеу және кредиторлық берешегінің болмауы шегінде аталған үстемеақыны есептеулердің бірыңғай әдістемесін қолдану мақсатында ынталандыратын үстемеақының ұсынылатын мөлшері ҚР ҚМ Экономика және қаржы департаментімен алдын ала келісіледі.

16. Лауазымдық жалақыға ынталандыратын үстемеақыны белгілеу туралы қабылданған шешімнің негізінде жыл сайынғы бұйрық шығарылады:

- ҚР ҚМ және ҚР ҚК БШ департаментінің, ҚР ҚК бас басқармасының ҚК ұйымдары басшыларының лауазымдық жалақысына ынталандыратын үстемеақыны белгілеу туралы ҚР Қорғаныс министрінің.

- ұйым қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына ынталандыратын үстемеақыны белгілеу туралы ұйым (республикалық мемлекеттік мекеме, қызанлық кәсіпорын) басшысының.

Лауазымдық жалақыға үстемеақы белгілеу жөніндегі бұйрықтар ағымдағы қаржы жылының аяғына дейін әрекет етеді.

17. Қызметкердің қайтыс болуына байланысты алынбаған сыйлықақы мен материалдық көмек Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен төленеді.